

Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 530 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2020 № 530 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 21 маусымдағы
№ 683 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 N 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) әлеуметтік аударымдар – өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айырылған жағдайда оның асырауында болған отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін Заңда белгіленген міндетті төлемдер;

3) әлеуметтік аударымдар бойынша берешек – есептелген және мерзімінде аударылмаған әлеуметтік аударымдар сомалары, сондай-ақ төленбеген өсімпұл сомалары;

4) әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

РҚАО-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

5) тармақша 01.01.2019 дан 01.01.2019 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

5) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Заңда белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеуді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлға;

6) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) – асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне әлеуметтік аударымдар жүргізілген және өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

6-1) жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор;

7) мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

8) уәкілетті орган – қор қызметін реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен.

2-тарау. Әлеуметтік аударымдарды есептеу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Бір төлеушіден түсетін әлеуметтік аударымдарды ай сайын есептеу объектісі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінен аспайды.

Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болса, онда әлеуметтік аударымдар жалақының ең төменгі мөлшері негізге алына отырып есептеледі және аударылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз)

3. Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, еңбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде жұмыскерге төленетін жұмыс берушінің шығыстары жұмыскерлер үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай қамтылымы енгізіледі.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, дара кәсіпкерлер үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектілері мыналар болып табылады:

өзі үшін – алатын кірісінің әлеуметтік аударымдарды өз пайдасына есептеу мақсаттары үшін өздері дербес айқындайтын, бірақ Салық кодексіне сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен артық емес сомасы;

жалдамалы жұмыскерлер үшін – қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, еңбекке ақы төлеу ретіндегі кірістер түрінде жұмыскерге төленетін шығыстар.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың төртінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектілері республикалық, облыстық маңызы бар қалаларда, астанада айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген және басқа елді мекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшері болып табылады.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың бесінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз)

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қорға әлеуметтік аударымдар:

1) Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында;

РҚАО-ның ескертпесі!

2) тармақшаның бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген 08.05.2019 № 263 (01.01.2029 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында, 22) тармақшасының алтыншы абзацында 26), 32), және 53) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында белгіленген кірістерден төленбейді.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағының 52) тармақшасында көрсетілген жұмыскердің салық салынатын кірісіне түзетулер қолданылмайды;

3) Салық кодексінің 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген кірістерден төленбейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулысымен.

6. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары үшін Қорға төленуге тиісті әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес мөлшерде белгіленеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2018 № 239 (Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

3-тарау. Әлеуметтік аударымдарды аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, төлеуші қорға әлеуметтік аударымдарды ай сайын мемлекеттік корпорацияның банк шоты арқылы төлемді жүзеге асыру жолымен есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімдерін қоса бере отырып, өздерінің банк шоттарынан қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлейді.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармақтың екінші абзацы 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалар әлеуметтік аударымдарды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейтін тәртіппен төлейді.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде тиындармен есептелген сомалар 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Банк шотын ашпай банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ақша аудару жолымен әлеуметтік аударымдарды төлеу "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Төлеушілер құрылымдық бөлімшелер үшін әлеуметтік аударымдар төлеуді құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары, оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер әлеуметтік аударымдар сомасын Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде төлейді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары әлеуметтік аударымдарды төлеудің ай сайынғы кезеңі (ай, жыл) көрсетіле отырып төленеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулысымен.

8. Әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімі әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН); тегін, атын, әкесінің атын; туған күнін; әлеуметтік аударым сомасын; әлеуметтік аударымдар төленетін кезеңді (ай, жыл) қамтуы тиіс.

Қағаз жеткізгіштерде жасалатын төлем тапсырмаларында төлеушілер әлеуметтік аударымдар төленетін кезеңді "Төлемнің мақсаты" деген бағанда, ал МТ-102 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларында – форматта көзделген жеке "ААЖЖЖЖ" деген жолда көрсетіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.09.2017 № 603 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Мемлекеттік корпорация әлеуметтік аударымдарды есепке алуды әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың ЖСН базасында уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

10. Банктердің Мемлекеттік корпорацияға ақша аударуы өздері үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімі қоса берілген МТ-102 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215; 27.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 862 қаулыларымен.

11. Төлеушілер берешекті аударуды олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін қоса беріп, МТ-102

форматындағы электрондық төлем тапсырмаларымен кезең (жыл, ай, айлар) үшін жүргізеді.

12. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік аударымдардың сомаларын Мемлекеттік корпорация арқылы Қордың шотына осы сомалар төлеушінің банк шотынан есептен шығарылған күні аударуға міндетті.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.05.2018 № 239 (Қолданысқа қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

13. Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік аударымдардың сомалары келіп түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей МТ-100 форматындағы төлем тапсырмасымен қордың шотына аударылады.

Мемлекеттік корпорация:

1) ЖСН жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген;
2) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа жеткен адам болып табылатын;

3) өзі үшін бір төлеушіден әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінен артық төленген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы бойынша төлеушіге әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215; өзгеріс енгізілді - 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 08.05.2019 № 263 қаулыларымен.

14. Мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары немесе орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушінің әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіге берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.

Хабарламаның нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

Хабарлама төлеушінің жеке өзіне қолын қойғызып немесе жөнелту мен алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етіледі. Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама төлеушіге мынадай жағдайларда:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде –төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап;
2) электрондық тәсілмен жіберілгенде:

мемлекеттік кірістер органы хабарламаны веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі (бұл тәсіл Салық кодексінің 86-бабында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген төлеушіге қолданылады);

"электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне хабарлама жеткізілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі (бұл тәсіл "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген төлеушіге қолданылады).

Мемлекеттік кірістер органдары төлеушіге хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберген осы тармақта көзделген хабарламаны пошта немесе өзге де байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, Салық кодексінде белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен куәгерлер тартыла отырып, салықтық зерттеп-қарау жүргізілген күн мұндай хабарламалардың табыс етілген күні болып табылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелмеген жағдайда мемлекеттік кірістер органы:

1) өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеушінің;

2) өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушінің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Мемлекеттік кірістер органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мыналардан:

1) Салық кодексінің 189-бабында көзделген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оны уақтылы төлемегені үшін есепке жазылған өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізілуге жататын айыппұлдарды төлеу жөніндегі операциялардан;

2) ақшаны:

өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен есеп айырысу үшін, жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу, әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі клиенттің міндеттемелері бойынша ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша;

салықтық берешекті, кедендік төлемдер, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтар және өсімпұл бойынша, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өтеу бойынша алып қоюдан басқа, төлеушілердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға міндетті.

Төлеушілердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының өкімі салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бекіткен нысан бойынша шығарылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру мыналар:

Салық кодексінің 189-бабында көзделген салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оны уақтылы төлемегені үшін есепке жазылған өсімпұлды, сондай-ақ бюджетке енгізуге жататын айыппұлдарды төлеу есебіне кейіннен аудару үшін ақшаны екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсыру;

егер касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қатысты шығарылған болса, екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның клиенттердің қолма-қол ақшасын беруі жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операцияларына қолданылады.

Мемлекеттік кірістер органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі төлеушінің түсетін қолма-қол ақшаны қорға аудару арқылы, қолма-қол ақша түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұлжытпай орындауына жатады.

Төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

Мемлекеттік кірістер органының төлеушінің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі берешек сомасы туралы хабарламаны жіберу және ұсыну үшін осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген тәсілдермен төлеушіге жолданады және ұсынылады.

Төлеушінің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органы өкімдерінің күшін осындай өкімдер шығарған мемлекеттік кірістер органы әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелмеген жағдайда мемлекеттік кірістер органы мұндай берешектің сомаларын:

1) өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеушінің;

2) өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап жиырма жұмыс күні өткен соң – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушінің банктік шоттарынан мәжбүрлі тәртіппен өндіріп алады.

Төлеушінің ұлттық валютадағы банктік шотында ақша болмаған жағдайда әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кірістер органдары ұлттық валютада берген инкассалық өкімдер негізінде төлеушінің банктік шоттарынан шетелдік валютада жүргізіледі.

Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін банктік шотта (шоттарда) ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайларда банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар клиенттің ақшасын алып қоюды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Төлеуші әлеуметтік аударымдарды Қорға уақтылы төлемегені үшін өсімпұл сомасын төлеу үшін "төлем мақсаты" деген жолда – "кезең (жыл, ай, айлар) үшін әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлемегені үшін өсімпұл" деп көрсете отырып, банкке төлем тапсырмасын ұсынады.

19. Төлеушілер уақтылы төлемеген өсімпұл кезең үшін (жыл, ай, айлар) МТ-102 форматындағы электрондық төлем тапсырмаларымен төленеді.

РҚАО-ның ескертпесі!

19-тармақтың екінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Осы тармақтың ережелері Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулысымен.

20. Мемлекеттік корпорация өсімпұл сомалары түскен күннен кейінгі операциялық бір күн ішінде қордың банктік шотына ақшаны МТ-100 форматындағы төлем тапсырмасымен аударады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Төлеушінің Қорға артық (қате) аударылған әлеуметтік аударымдарын және (немесе) уақытында және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұл сомаларын қайтаруды Қор төлеушінің өтініші негізінде жүргізеді, егер сома төлеуші банктің кінәсінен артық (шоттан екі немесе одан да көп рет алынған) аударылған болса, онда қайтару төлейтін банктің өтініші негізінде жүргізіледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

21-тармақтың екінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Осы тармақтың ережелері Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулысымен.

22. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

23. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде қатысу өтіліне есепке алынған кезеңге есептелген, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомасы қайтарылуға жатпайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтару тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Төлеуші артық (қате) төлеген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың қорға аударылған сомаларын қайтару мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

төлеуші (төлеушінің банктері және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды) мемлекеттік корпорацияға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға өтініш береді;

өздері үшін әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұл жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімдерінде қате жіберілген жағдайда өтінішке осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-растама қоса беріледі;

мемлекеттік корпорация операциялық бес күн ішінде әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдың есептелу фактісін тексереді және осы төлем бойынша барлық деректемелердің растамасын қоса бере отырып қорға жібереді;

әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдардың есептелу фактісі расталмаған жағдайда мемлекеттік корпорация өтінішті қоса берілген құжаттарымен төлеушіге қайтарады;

қор өтініштерді өңдегеннен кейін МТ-102 форматындағы төлем тапсырмасын қалыптастырады және кейіннен ақшаны төлеушіге аудару үшін қорға төлеушінің өтініші түскен күннен бастап операциялық жеті күн ішінде оны мемлекеттік корпорацияның банктік шотына аударуды жүзеге асырады;

мемлекеттік корпорация қайтаруға жататын әлеуметтік аударымдар сомалары бойынша есептелген қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің тағайындалу фактісін анықтаған жағдайда, мемлекеттік корпорация әлеуметтік аударымдар сомалары келіп түскен күннен кейінгі операциялық бір күн ішінде оларды қордың шотына қайтарады;

қайтаруға жатпайтын сомалар бойынша қор бас тарту себептері туралы ақпаратты кейіннен төлеушіні хабардар ету үшін мемлекеттік корпорацияға береді;

мемлекеттік корпорация МТ-102 форматындағы төлем тапсырмасын қалыптастырады және артық (қате) есептелген әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұл сомасын қордан қаражат келіп түскен күннен кейінгі операциялық бір күннен кешіктірмей төлеушіге аударды;

мемлекеттік корпорация өздері үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың жеке шоттарынан қайтарылған сомаларды есептен шығарады;

мемлекеттік корпорация қорды әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдардың қайтарылған сомаларын аудару туралы операциялық бір күн ішінде электрондық нысанда хабардар етеді;

мемлекеттік корпорация мен қор арасында айына бір рет әлеуметтік аударымдардың және өсімпұлдың аударылуын, сондай-ақ қордан төленетін әлеуметтік аударымдардың және өсімпұлдың қайтарылуын салыстырып тексеру жүргізіледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

24-тармақтың екінші абзацы 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардың артық (қате) төлеген бірыңғай жиынтық төлемін қайтару Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулыларымен.

25. Төлеушіге қызмет көрсететін банк электрондық төлем тапсырмаларын ресімдеу кезінде қате жіберген жағдайда, банк "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген қателерді түзету жөнінде шаралар қабылдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 862 қаулысымен.

26. Қор келіп түскен және қайтарылған артық төленген әлеуметтік аударымдарды және өсімпұлды есепке алуды жүргізеді.

27. Төлеуші тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органына өздері үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисап ұсынады.

РҚАО-ның ескертпесі!

27-тармақтың екінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Осы тармақтың ережелері Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215; өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулыларымен.

28. Мемлекеттік корпорация күн сайын, өткен күн үшін мемлекеттік кірістер органына Салық кодексінде белгіленген тәртіппен тіркелген төлеушілер бойынша келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдың тізілімдерін ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

29. Әлеуметтік аударымдарды төлеушілер есептелген және төленген әлеуметтік аударымдар туралы, оның ішінде электрондық немесе қағаз жеткізгіштегі қате төлемдерді қайтару туралы мәліметтердің сақталуын заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді.

РҚАО-ның ескертпесі!

29-тармақтың екінші бөлігі 01.01.2019 дан 01.01.2024 дейін қолданыста болады ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Төлеушінің қызметі тоқтатылған кезде Қорға әлеуметтік аударымдарды және өсімпұлды есептеу және төлеу туралы құжаттар Мемлекеттік мұрағатқа беріледі.

Осы тармақтың ережелері Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т.қараңыз) қаулысымен.

30. Қорға әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын төлеуші Мемлекеттік корпорациядан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы қажетті ақпаратты сұратуына және тегін алуына болады.

Ескерту. 30-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

31. Төлеуші міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпарат алу үшін уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінім толтырады және Мемлекеттік корпорацияға оның бөлімшелері арқылы ұсынады.

Ескерту. 31-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

32. Мемлекеттік корпорация төлеуші жүгінген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпаратты дайындайды және оны Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері арқылы төлеушіге береді.

Ескерту. 32-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару және оларды өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне
1-қосымша
"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"
акционерлік қоғамының
басшысы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.05.2019 № 263 қаулысымен.

Кімнен _____

(әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеушінің немесе төлеуші банктің атауы)

_____ № ____ төлем тапсырмасымен қате (артық) аударылған әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдың сомасын:

Р/с №	ЖСН	Т.А.Ә. бар болса	Кезең	Төленген сома	Қайтарылатын сома

атына қайтаруды сұраймын, референс _____, төлемнің жалпы сомасы _____, қайтарылатын жалпы сома _____.

Себебі (қажеттісін белгілеу): _____

төлеуші немесе банк бір немесе бірнеше төлем тапсырмасы негізінде екі немесе одан да көп рет қордың шотына қате аударған;

алушылар қайтаруға тиіс, жұмыстан босатылған қызметкерлер аванспен алған кіріске артық есептелген;

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа жеткен адамдар болып табылатын қатысушылар үшін артық төленген;

төлемді тағайындау коды дұрыс көрсетілмеген;

төлем тапсырмасының тізімдік бөлігінде төлем кезеңінде қате жіберілген;

төлем тапсырмасының тізімдік бөлігінде жұмыскерлер үшін әлеуметтік аударымдар сомасында қате жіберілген;

төлеушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген;

әлеуметтік аударымдар немесе өсімпұлдар болып табылмайтын қаражат қордың шотына қате аударылған;

дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығы ретінде тіркелмеген жеке тұлға аударған.

Қайтаруды мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймыз:

Төлеушінің атауы: _____

Төлеушінің ЖСН/БЖН: _____

ЖСК: _____

Төлеушінің БСК: _____

Төлеушінің банкі: _____

Төлеушінің банк шотының нөмірі: _____

Қосымшалар:

Қажет болған жағдайда: өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбек қызметінің басталуын/тоқтатылуын растайтын құжаттың көшірмесі, зейнетақы төлемдерін алушының мәртебесін растайтын куәліктің көшірмесі, шағын бизнес субъектілері үшін онайлатылған декларацияның (910.00 нысаны) немесе әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды қайтару кезеңі үшін патент құны есебінің (911.00 нысаны) көшірмесі, бюджетпен есеп айырысу туралы салық төлеушінің жеке шотынан үзінді, өтініштегі және төлеушінің төлем құжаттарындағы қолтаңбада айырмашылық болған жағдайда – қол қою құқығын беру туралы бұйрықтың көшірмесі.

Қолдары:

Басшы _____ (Т.А.Ә. бар болса, қолы) Бас бухгалтер:

_____ (Т.А.Ә. бар болса, қолы) Заңды мекенжайы:
 _____ Төлеушінің байланыс телефондары: _____
 Телефон: +7 (____) _____, E-mail _____
 Толтырылған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: өтініш бланкіде толтырылып, мөрмен (бар болса) куәландырылады (факсимилемен қол қоюға жол берілмейді).

Мөр орны

Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Анықтама-растама

(әлеуметтік аударымдар төлеушінің атауы)											
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұл төлеген кезде, мынадай төле тапсырмаларына, олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар тізімдерінде қателіктер жіберілгенін растайды:											
Р/с №	Төлем тапсырмасының №	Төлем тапсырмасының күні	Төлем тапсырмасының жалпы сомасы	Референс	ЖСН	Т.А.Ә	Туған күні	Қате аударылған (теңге)		Аударылуға тиіс (теңге)	
								Кезең (ААЖЖЖЖ)	Сомасы (теңге)	Кезең (ААЖЖЖЖ)	Сомасы (теңг
Бірінші басшы							(Т.А.Ә.)				
(қолы)											
Бас бухгалтер							(Т.А.Ә.)				
(қолы)											

Мөр орны

Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ержесіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.